

	«Qazcontent» АҚ-ның 2024 жылғы жылдық есебі	
	№1 редакция	31 беттің 1 беті

«Qazcontent» акционерлік
қоғамы Директорлар кеңесінің
2025 жылғы 19 қарашадағы №
5 шешімімен
бекітілді

«Qazcontent» АҚ 2024 жылғы жылдық есебі

Астана қаласы, 2025 жыл

	«Qazcontent» АҚ-ның 2024 жылғы жылдық есебі	
	№1 редакция	31 беттің 2 беті

Мазмұны

Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі.....	3
«Qazcontent» АҚ Басқарма төрағасының үндеуі.....	4
1. Жалпы мәліметтер	5
2. 2024 жылғы қаржылық және операциялық қызметтің нәтижесі	16
3. Қоғам тәуекелдері	21
4. Корпоративтік басқару.	22
5. Аудитордың қорытынды есебі және ескертпелер көрсетілген қаржылық есептілік.....	29
6.Қоғам көрсеткіштері	29

 QAZCONTENT	«Qazcontent» АҚ-ның 2024 жылғы жылдық есебі	
	№1 редакция	31 беттің 2 беті

«Qazcontent» АҚ Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Сіздердің назарларыңызға «Qazcontent» АҚ 2024 жылғы қызметі туралы жылдық есепті ұсынамын.

Өткен жыл Компания үшін орнықты даму, технологиялық жаңару және ұлттық медиа кеңістіктегі ұстанымдарын нығайту кезеңі болды. Біз мемлекеттік тапсырманы табысты орындап, барлық ақпарат ресурстарына тұрақты келушілер санын қамтамасыз етіп, аудитория қамтуын едәуір ұлғайттық.

2024 жылғы жетістіктер - мультимедиалық форматтарды біріктіруге, әлеуметтік желілердегі қатысуды кеңейтуге және ішкі процестерді жетілдіруге негізделген цифрлық трансформация стратегиясы дұрыс таңдалғанының дәлелі.

Директорлар кеңесі корпоративтік басқаруға, тәуекелдерді басқаруға, ашықтыққа және Компания қызметінің тұрақтылығы мәселелеріне ерекше назар аударды. Жыл бойы тәуекел-менеджмент жүйесіне жаңартылған тәсілдер енгізіліп, ішкі бақылау және басқару органдары арасындағы өзара іс-қимыл механизмі нығайтылды.

«Qazcontent» АҚ өзіне жүктелген негізгі миссияны - Қазақстанның саяси, экономикалық және мәдени өмірі туралы шынайы, жедел және объективті ақпаратпен қоғамды қамтамасыз етуді жалғастыруда.

Директорлар кеңесінің атынан Компанияның акционерлеріне, серіктестеріне және ұжымына қолдауы, кәсібилігі және ортақ іске адалдығы үшін шынайы алғысымды білдіремін. Үйлесімді жұмыс пен стратегиялық көзқарас «Qazcontent» компаниясын еліміздің озық медиахолдингі ретінде одан әрі өсуіне септігін тигізіп, беделінің артуын қамтамасыз етеді деп сенемін.

Құрметпен,

«Qazcontent» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы
Қанат Жұмабайұлы Ысқақов

 QAZCONTENT	«Qazcontent» АҚ-ның 2024 жылғы жылдық есебі	
	№1 редакция	31 беттің 2 беті

«Qazcontent» АҚ Басқарма төрағасының үндеуі

**Құрметті акционерлер,
әріптестер мен серіктестер!**

Сіздердің назарларыңызға «Qazcontent» АҚ 2024 жылғы қызметі туралы жылдық есепті ұсынамыз.

Бұл жыл Компанияның дамуындағы маңызды кезең болды. Біз мемлекеттік тапсырманың барлық көрсеткішін табысты орындап, жаңа мультимедиялық жобаларды іске асырып, цифрлық алаңдардағы позицияларымызды күшейттік. Біздің интернет ресурстарымызды қамту 21 миллионнан асты, бұл жоспарланған көрсеткіштеен 46% -ға жоғары.

2024 жылы «Qazcontent» контент өндірісінің тиімділігін арттырып, аудиторияның сенімін нығайтып, ақпараттық жариялау тақырыбын кеңейте отырып, бейне жобаларды, подкасттар мен аналитикалық бағдарламаларды дамытуға назар аударылды.

Цифрлық трансформация және инновацияларды енгізу бағытын жалғастырып, медиа өндірісте және контентті басқаруда жасанды интеллект технологиясын тиімді қолданып келеміз. Қызметкерлердің кәсіби дамуына және ақпараттық өнім сапасының стандарттарын арттыруға ерекше көңіл бөлінуде.

Команданың үйлесімді жұмысының, акционер мен серіктестердің қолдауының арқасында «Qazcontent» АҚ мемлекетіміздің негізгі медиа серіктесі әрі Қазақстанның цифрлық кеңістігіндегі ресми ақпараттың сенімді жеткізушісі мәртебесін сақтап келеді.

Барлық қызметкерлерге еңбегі, бастамашылдығы және жоғары жауапкершілігі үшін алғысымды білдіремін. Ортақ күш-жігерімізбен Компанияның позициясын одан әрі нығайтып, еліміздің ақпараттық саласында жаңа белестерге жететімізге сенімім мол.

**Құрметпен,
«Qazcontent» АҚ Басқарма төрағасы
Айна Задабекқызы Задабек**

 QAZCONTENT	«Qazcontent» АҚ-ның 2024 жылғы жылдық есебі	
	№1 редакция	31 беттің 2 беті

1. Жалпы мәліметтер

«Qazcontent» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) 2013 жылғы 16 қазанда тіркелген заңды тұлға болып табылады. 2019 жылы «Мемлекеттік меншіктің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 тамыздағы № 631 қаулысына сәйкес Қоғам «Қазақпарат «халықаралық ақпараттық агенттігі» ЖШС-ден ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2020 жылғы 06 наурыздағы № 150 бұйрығы негізінде кейіннен оған «Қазконтент» АҚ қосылу арқылы «Қазақпарат» халықаралық ақпарат агенттігі» акционерлік қоғамы етіп қайта құрылды.

Бұдан әрі «Қазақпарат» халықаралық ақпарат агенттігі» акционерлік қоғамының атауын өзгерту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 23 мамырдағы № 325 қаулысына сәйкес «Қазақпарат» халықаралық ақпарат агенттігі» акционерлік қоғамы «Qazcontent» акционерлік қоғамы болып атауы қайта өзгертілді.

Қысқартылған атауы - «Qazcontent» АҚ.

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2022 жылғы 19 шілдеде берілген.

Қоғамның заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 30 ғимарат, 2 т.е. ү.

Қоғамның мәртебесі орта кәсіпкерлік субъектісі ретінде айқындалған.

«Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі» РММ Қоғамның жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүргізді. Шығарылым KZ1C00013689 халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) берілген 1 292 426 (бір миллион екі жүз тоқсан екі мың төрт жүз жиырма алты) жай акцияларға бөлінген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі Қоғамның құрылтайшысы болып табылады. Республикалық меншіктегі Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқықтары «Мемлекеттік меншіктің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 27 тамыздағы № 631 қаулысы және тиісті қабылдау-тапсыру актісі негізінде, Қоғамның Жалғыз акционері болып табылатын Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша акционер ретінде мемлекеттің мүддесін білдіреді.

Қоғамның басқа қалалар мен елдерде филиалы, өкілдіктері жоқ.

Қоғам келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

	«Qazcontent» АҚ-ның 2024 жылғы жылдық есебі	
	№1 редакция	31 беттің 2 беті

1) Елдің саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысты ақпаратты жедел тарату арқылы ҚР мемлекеттік саясатын қолдау шеңберінде, оның ішінде интернет желісі арқылы ақпараттық-публицистикалық жұмысты жүзеге асыру, сондай-ақ әлемдік қоғамдастықта ҚР оң халықаралық имиджін қалыптастыру;

2) Инновациялық технологиялар саласында шешімдер қабылдаудың оңтайлы әдістерін айқындау шеңберінде консультация беру;

3) Бұқаралық ақпарат құралдарында Интернет-конференцияларды, брифингтерді, баспасөз іс-шараларын және басқа да сараптамалық сүйемелдеу іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу;

4) Интернет желісінде жарнамалық орын беру (сату) бойынша қызмет көрсету;

5) Дерекқорды басқару жүйелерін пайдалана отырып, порталдар мен веб-жобаларды алгоритмдеу;

6) Интернет желісінде мемлекеттік электрондық ақпарат порталдардың ақпараттық басқару, ұстау және қолдау;

7) Интернет желісінде ақпаратты өңдеудің инновациялық құралдарын пайдалануды ескере отырып, деректерді орналастыру және өңдеу бойынша қызмет көрсету.

Қоғамның миссиясы ең алдымен Қазақстан мен Орталық Азиядағы, сондай-ақ бүкіл әлемдегі оқиғалар туралы отандық және шетелдік аудиторияға жедел әрі жан-жақты, шынайы және жоспарлы түрде беруден тұрады.

Қоғам халықаралық бұқаралық ақпарат құралдарымен ынтымақтастықты нығайтуға ұмтылады, өз жобаларының қазақстандық және әлемдік медиакөністікте танымалдылық үлесі жоғары Қазақстандағы ең ірі медиа-холдинг ретінде өзін танытады.

Қоғам өз сайттарын әрбір мәселе бойынша мемлекеттің ресми нұсқасы мен ұстанымын жеткізетін мемлекеттің ресми ақпарат көзі ретінде ұсынады.

Қоғамның негізгі міндеті - әртүрлі форматтағы шынайы ақпаратты порталдар арқылы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде шығару және жедел тарату.

Қоғамның 2023-2025 жылдарға арналған даму стратегиясы ҚР Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын ескере отырып әзірленді және орта мерзімді перспективада дамудың негізгі векторы болып табылады. (<https://qcontent.kz/o-kompanii/vnutrennie-akty-obshhestva/>)

Интернет желісінде мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу бойынша қызмет көрсету бойынша мемлекеттік тапсырманы орындау басты басымдық болып табылады. 2024 жылы Қоғам тиісті кезеңде мемлекеттік тапсырманы орындау бойынша барлық көлемді орындады, қабылдады және орындалған жұмыстардың актілерімен растады.

 QAZCONTENT	«Qazcontent» АҚ-ның 2024 жылғы жылдық есебі	
	№1 редакция	31 беттің 2 беті

Қоғамның қызметі халықтың қалың аудиториясы үшін өзекті ақпараттарды жедел ұсынуудан тұрады. 2024 жылы жұмыс 7 интернет-ресурс арқылы жүзеге асырылды: Baigenews.kz, BAQ.kz, Primeminister.kz, Adebiportal.kz, El.kz, E-history.kz және Ruh.kz. Төменде әрбір ресурстың ең маңызды оқиғалары туралы ақпарат берілген:

BAIGENEWS.KZ

Жалпы ақпарат.

BaigeNews.kz ақпарат агенттігі - 24/7 жұмыс істейтін және орыс тілінде хабар тарататын жаңалықтар сайты. Порталдың 15 жылдық тарихы бар және бір кездері белгілі BNews жобасының жаңғыртылған нұсқасы.

BaigeNews.kz Қазақстан мен әлемдегі саясат, экономика, қоғам, әлеуметтік мәселелер, спорт, экология және басқа салалардағы басты оқиғаларды жариялайды. Біз форумдардан бастап спорттық шаралар, төтенше жағдайлар, сондай-ақ сот процестеріне дейінгі барлық басты оқиғаларды жариялаймыз.

Сайт тексерілген және ресми ақпаратты береді. BaigeNews.kz АА бірнеше өңірде штаттан тыс қызметкерлердің корреспонденттік желісі бар. 2024 жылдан бастап портал аналитикаға баса назар аударды, ол үшін тиісті айдар іске қосылды.

Сайттың оқырмандарын жалпы қамту 2024 жылы 5 233 364 адамды құрады. Сеанстың орташа ұзақтығы - 1 минут 59 секунд.

Порталға келушілердің орташа саны тәулігіне 5-6 мың бірегей пайдаланушы. Портал еліміздің 30 жаңалық сайтының қатарына кіреді. Бір авторлық материалдың ең көп қаралымы – 200 мыңнан аса қаралым. Орташа оқырмандар жасы – 25–44 жас. Негізгі аудитория: Астана, Алматы және елдің басқа аймақтары, сондай-ақ жақын шет елдер.

Мультимедиалық жобалар.

Жобаның атауы: «Это вам не Лондон» (6 шығарылым)

Уақыты: 10–15 минут

Форматы: Тікелей эфирдегі репортаж

Жиілігі: Айына 2 рет

Сипаттамасы: Астанадағы ең проблемалық әлеуметтік нысандарға, тұрғын үйлерге рейд жүргізу. Тұрғындармен сұхбат, шағымдар және мемлекеттік органдар мен сарапшылардың пікірлері. Жобаның мақсаты – елордадағы ең проблемалық үйлерді көрсетіп, билік пен қоғамның назарын оларды шешуге аудару.

Экологиялық бейнежоба: «СТОП СВАЛКА!»

	«Qazcontent» АҚ-ның 2024 жылғы жылдық есебі	
	№1 редакция	31 беттің 2 беті

Уақыты: 10 минут

Жиілігі: Айына 2 рет

Форматы: Тікелей репортаж

Сипаттамасы: Жоба «Таза Қазақстан» акциясын қолдау аясында іске қосылып, Қазақстандағы заңсыз қоқыс алаңдары мәселесіне назар аударуға бағытталған. Жобаның басты мақсаты – заңсыз тұрмыстық қалдықтардың жиналатын жерлерін көрсету, осы фактілер туралы әкімдіктерге хабарлау, қалалық коммуналдық қызметтердің оларды жоюын қамтамасыз ету және заң бұзушыларды жауапкершілікке тарту. Жобаның миссиясы – қала ішінде және одан тыс жерлерде қалыптасқан табиғи қоқыс алаңдарын жою, өзендер, көлдер мен жердің экологиялық жағдайын жақсарту.

«Важная тема LIVE» ақпараттық бейне жобасы (90 шығарылым шықты)

Хронометраж: 10 - 30 минут

Форматы: студиядағы сұхбат

Сипаттама: Сайттың YouTube арнасындағы тікелей эфирдегі бейне сұхбат.

Форматы: Аптаның талқыланатын тақырыбына жедел ақпараттық сұхбат.

Қонақтар: мемлекеттік органдардың өкілдері, сарапшылар немесе белгілі тұлғалар, инфлюенсерлер.

«СПЕЦрепортаж» ақпараттық бейне жобасы

Хронометраж: 3-5 минут

Формат: тікелей репортаж

Сипаттама: Аптаның немесе тәуліктің басты оқиғаларының тақырыбы, сондай-ақ қоғам проблемалары бойынша ақпараттық репортаж форматы. Репортажда қазақстандықтарды қызықтыратын азық-түлік бағасынан бастап, заңға енгізілген түзетулер, мерекелер мен спорттық жарыстар туралы сұрақтарға барынша нақты және жан-жақты жауаптар беріледі.

«Апта қорытындылары» ақпараттық жобасы (25 шығарылым шықты)

Хронометраж: 3-5 минут

Формат: бейне шолу

Сипаттама: Өткен аптаның ең маңызды оқиғаларына ақпараттық шолу. Динамикалық монтаж бір бейнероликтегі ең маңызды нәрсе. Жаңалық жүргізушісі Марк Брюшко.

«Даю слово» аналитикалық жоба (13 шығарылым шықты)

Хронометраж: 60+ мин

	«Qazcontent» АҚ-ның 2024 жылғы жылдық есебі	
	№1 редакция	31 беттің 2 беті

Формат: аналитикалық сұхбат-пікірталас

Сипаттама: BaigeNews үшін әзірленген журналист Александр Журавлевтің аналитикалық жобасы. Жоба қоғамның ең маңызды және өзекті мәселелеріне арналған бағдарлама. Бағдарламада автор және жүргізуші түрлі сарапшылармен және мемлекеттік органдардың өкілдерімен бірге оқиғалар, билік шешімдерінің себептері мен салдарын анықтауға тырысады.

«АСЫҚ» авторлық аналитикалық жоба (30 шығарылым шықты)

Хронометраж: 10 мин

Формат: авторлық монолог

Сипаттама: BaigeNews үшін әзірленген журналист Александр Журавлевтің аналитикалық жобасы. Министрліктер мен жалпы мемлекеттік органдардың ең резонансты шешімдеріне авторлық монолог. Автор заңның нақты мәнін талдайды, негізгі тұстарын ерекшелеп, атап өтеді және олардың шынайы мән-жайын түсіндіреді.

Әлеуметтік желілер.

Сайт: X, YouTube, Instagram, Facebook, TikTok, Telegram сияқты барлық әлеуметтік желілерде белсенді түрде ұсынылған. Ай сайын жазылушылар саны өсуде. 2025 жылғы мамырда аталған әлеуметтік желілердегі жазылушылар саны: Instagram - 95 328, Telegram - 5 684, Facebook - 39 849, TikTok - 45 570, X - 91 567, YouTube - 182 590 жазылушыны құрады. Бір бейнероликтің қаралым саны 1,5 млн. қаралым.

BAQ.KZ

Жалпы ақпарат.

Baq.kz ақпарат агенттігі 2010 жылғы 24 қарашада құрылған. Қазақ тіліндегі контенттің көлемін ұлғайту және сапасын арттыру мақсатында мемлекеттік хатшы лауазымын атқарған Марат Тәжиннің өкімі бойынша құрылды.

Бастапқыда BAQ.KZ ақпарат агенттігі барлық қазақ тілді контентке қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін «бір терезе» тұжырымдамасы бойынша жұмыс істеді. Еліміздің барлық белгілі адамдары, қоғам қайраткерлері мен зиялы қауым өкілдері BAQ.KZ платформасында өздерінің жеке парақшаларын ашып, өздерінің шығармашылықтарымен, кәсіби қызметтерімен және жаңалықтарымен бөлісті, оларды тек қазақ тілінде жүргізді.

Сонымен қатар платформада өңірлік және облыстық басылымдар мен журналдар үшін жеке парақшалар жасалды, олардың материалдары - сұхбаттар, мақалалар, рецензиялар және тағы басқалары жарияланды. Бұл

	«Qazcontent» АҚ-ның 2024 жылғы жылдық есебі	
	№1 редакция	31 беттің 2 беті

контент агенттіктің әлеуметтік желілердегі ресми парақшалары арқылы белсенді түрде ілгерілетіліп, таратылды.

Агенттік қызметкерлері өңірлерге барып, жергілікті дәстүрлі БАҚ өкілдеріне сайт құру, жүргізу және контентпен қамтамасыз ету негіздерін үйретті. Осы жұмыстың арқасында бүгінде барлық өңірлік газеттердің, журналдар мен телеарналардың өз интернет-ресурстары бар.

Агенттік сондай-ақ қоғамдық өмірдің негізгі бағыттары - сыртқы және ішкі саясат, экономика, қоғам, білім және денсаулық сақтау бойынша бірегей эксклюзивті қазақ тілді контент жасаумен айналысады.

2019 жылы BAQ.KZ ақпарат агенттігі «Qazcontent» акционерлік қоғамы алаңдарының ішінде бірінші болып мультимедиялық жобаларды - подкасттар мен аудио подкасттарды іске қосты. Бұдан басқа, биыл агенттік ақпаратты тәулік бойы тарату тұжырымдамасы бойынша жұмысқа көшті.

2024 жылы BAQ.KZ ақпарат агенттігі тәулік бойы ақпарат тарату тұжырымдамасы бойынша ел өмірінің маңызды салалары туралы бірегей эксклюзивті қазақ тілді контент жасаумен де айналысты.

Сайт оқырмандарының жалпы қамтылуы 2024 жылы 2 813 660 адамды құрады. Сеанстың орташа ұзақтығы - 1 минут 52 секунд.

Мультимедиялық жобалар.

2024 жылы мемлекеттік тапсырма шеңберінде тақырыптарды жария етумен қатар, Ваq.kz интернет-ресурсының редакциясы бірқатар мультимедиялық жобаларды іске асырды.

Еңбекқор ел - Қазақстанда түрлі мамандықтағы адамдардың еңбегін дәріптеуге бағытталған деректі-ағартушылық жоба. Жобаның мақсаты - өндіріс, ауыл шаруашылығы, қызмет көрсету, көлік, құрылыс және басқа салаларда еңбек ететін қарапайым еңбеккерлердің шынайы еңбегін көрсету.

«Желмая» - билік пен саяси қызметтегі танымал қоғамдық қайраткерлер мен саясаткерлердің тарихы. Пайдаланушыға түрлі салалардағы елеулі еңбегімен бүкіл елге танымал адамдармен елорда бойынша автомобиль сапарлары кезінде әсерлі оқиғалар мен мазмұнды бейнесұхбат ұсынылды. Жоба қонақтары елімізде болып жатқан нақты оқиғаларды, қоғамдық резонанс тудырған мәселелерді және басқа да мәселелерді талқылайды.

Мінбер - қоғамдық-саяси тақырыптарды талқылауға арналған алаң. Еліміздегі маңызды оқиғалар туралы сарапшылардың және билік өкілдерінің пікірлері және сұхбаттары.

Әдемі - сұлу ханымдарды толғандыратын өзекті мәселелерді талқылайтын подкаст. Басты мақсаты - түрлі тақырыптарды ашық талқылау және басқа ешкімге қоя алмаған сұрақтарға жауап беру.

Апта- өткен аптадағы соңғы жаңалықтарға шолу. Бағдарлама қоғам өміріндегі ең маңызды оқиғаларға арналған.

	«Qazcontent» АҚ-ның 2024 жылғы жылдық есебі	
	№1 редакция	31 беттің 2 беті

Qazaqsha qoldau - жоба қазақ тілінде қарым-қатынас жасауда қиындық көріп, мемлекеттік тілді қолдану аясын кеңейтуге ниет білдіргендердің барлығына психологиялық және когнитивтік қолдау көрсетуге бағытталған бағдарлама.

Әлеуметтік желілер.

2024 жылдың қорытындысы бойынша әлеуметтік желілердегі Baq.kz парақшасы жазылушыларының жалпы саны 223 мың пайдаланушыны құрады. Ең үлкен қамту TikTok каналында байқалды, онда жазылушылар саны 65 мыңнан астам болды.

PRIMEMINISTER.KZ

Жалпы ақпарат.

PrimeMinister.kz ресми интернет-ресурсы ақпараттың бастапқы көзі болып табылады. Ресурста БАҚ өкілдері, мемлекеттік қызметкерлер және ресми мәліметтерді іздеуде қарапайым пайдаланушылар тұрақты түрде кіріп отырады.

ҚР Премьер-Министрінің ресми ресурсы ҚР Үкіметі Басшысының қызметін (отырыстар, кеңестер, кездесулер, жұмыс сапарлары, ресми сапарлар), Үкімет пен жалпы министрлер кабинеті мүшелерінің жұмысын жария етеді. Сайтта Мемлекет басшысының стратегиялық жоспарлары мен жолдауларын, салалық бағдарламаларды іске асырудағы жетістіктер, тапсырмалар мен заң жобаларының мониторингі, сыртқы саясат туралы ақпарат, статистикалық деректер және қолданбалы сипаттағы басқа да материалдар жарияланады. Сондай-ақ Үкімет қаулылары, ҚР Премьер-Министрінің өкімдері, депутаттық сауалдарға жауаптар орналастырылады.

Бүгінгі күні жарияланған ақпараттың әлеуметтік маңыздылығына байланысты сайтқа күн сайын 10 мыңға дейін пайдаланушы кіреді. 2024 жылы сайтқа 2 276 724 пайдаланушы кірген. Қараудың орташа ұзақтығы - 2 минут 23 секунд.

Мультимедиалық жобалар.

Халықты Премьер-Министрдің қызметі туралы хабардар болуын арттыру шеңберінде апта сайын интернет-ресурста Үкімет басшысының өткен аптада атқарған жұмысы туралы қорытынды бейнедайджесттер шығады. Бұл кездесулер, кеңестер, жұмыс сапарлары, шет елдерге сапарлар және т.б.

2024 жылы бейнематериалдар дайындалып, орналастырылды. Бұл - облыс әкімдерінің, министрліктер мен мемлекеттік органдардың басшыларымен сұхбаттар, министрлердің қатысуымен өтетін брифингтер, ЕҰАК отырысы, экономикалық және бизнес-форумдар, түрлі съездер және

 QAZCONTENT	«Qazcontent» АҚ-ның 2024 жылғы жылдық есебі	
	№1 редакция	31 беттің 2 беті

басқа да бірқатар съездер сияқты ірі халықаралық іс-шараларға қатысушылардың бейне баяндамалары.

Сонымен қатар апта сайын PrimeMinister АА ресурсында Үкімет отырыстары тікелей эфирде көрсетіліп, жазбалары жарияланады.

Әлеуметтік желілер.

Өткен жылы PrimeMinister.kz интернет-ресурсында әлеуметтік желілердегі жұмыс күшейтілді. Қазіргі уақытта Telegram - БАҚ үшін ресми ақпараттың негізгі көздерінің бірі.

2024 жылдың қорытындысы бойынша әлеуметтік желілердегі ресурс парақша жазылушылардың жалпы саны 490 мың жазылушыны құрады. Әлеуметтік желілердің дамуы жалпы жұмыс форматының өзгеруіне алып келді: тілшілер де ұялы телефонға ролик түсірумен айналысады. Өзгерістер әлеуметтік желілерге жаңа пайдаланушыларды тартты.

ADEBIPORTAL.KZ

Жалпы ақпарат.

«Әдебиет порталы» интернет порталы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Орталық коммуникациялар қызметінің қолдауымен «Qazcontent» АҚ құрамында 2013 жылғы желтоқсанда іске қосылды.

Adebiportal.kz сайты қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жұмыс істейді. Бұл әдебиет саласындағы рухани және білім беру мазмұнын ұсынатын еліміздегі ең ірі интернет-ресурс. Жоба теориялық және педагогикалық ағартуға бағытталған бірегей кеңістік болып табылады. Құрылған сәттен бастап ресурсқа 4000-нан астам электрондық кітап жүктелді, 3300-ден астам авторлық парақша жасалды. Кітаптарға 300-ден астам қысқаша рецензиялар жарияланды, 800-ден астам аудио және бейнематериалдар орналастырылды.

500-ден астам автор блогтар жүргізеді, ал интернет-ресурстың деректер базасында 46 мыңға жуық бірлік (тестілер, анықтамалықтар, сөздіктер және т.б.) бар.

Бұл ресурс танымдық, педагогикалық-ағартушылық функцияны жүзеге асырады.

Ресурсты пайдаланушылардың жалпы қамтылуы 2024 жылы 2 635 667 кірушіні құрады. Сеанстың орташа ұзақтығы - 2 минут 18 секунд.

Мультимедиалық жобалар.

1. «Жансусар» - танымдық бағдарлама. Әрбір басылымда танымал жазушының/ақынның бір әдеби идеясы немесе жаңа кітабы талқыланады. Сұхбатты, сынды, талдауды қамтиды.

	«Qazcontent» АҚ-ның 2024 жылғы жылдық есебі	
	№1 редакция	31 беттің 2 беті

2. **«Автормен сұқбат»** - зияткерлік сұхбат. Корреспондент авторға оның шығармашылық процесі мен әдеби зертханасына қатысты сұрақтар қояды.

3. **«Метамәтін»** - қалыптасқан стереотиптер мен жалған нанымдар жаңа көзқарас тұрғысынан талданатын әдеби-философиялық бағдарлама.

4. **«Alqa»** - бағдарламаның негізгі мақсаты қазіргі заманғы әдебиеттің өзекті мәселелерін талқылау, дамудың жаңа үрдістері мен бағыттарын талдау, сондай-ақ жаңа шығармалар мен авторларды танымал ету.

5. **«Кітап-қазына»** бағдарламасының мақсаты - соңғы жылдары Қазақстанда басып шығарылған кітаптардың оқылым мәдениетін дәріптеу және шолуларын ұсыну. Жоба тұжырымдамасына сәйкес қонақ студияға ерекше әсер еткен және ол үшін ерекше құндылығы бар төрт кітап әкеледі. Олар жүргізушімен бірге таңдалған туындылардың ерекшеліктері мен артықшылықтарын талқылайды. Бағдарлама аяқталғаннан кейін кітаптар «Ауылдық кітапханаларға арналған 100 кітап» акциясын қолдай отырып, «Әдебиет порталы» порталының қорына беріледі.

6. **«Жақсының көзі»** - өмірден өткен көрнекті тұлғалардың ұрпақтарына арналған бағдарлама. Жоба қоғамға отандастарымыздың даңқты есімдерін еске түсіруге, олардың өмірі мен қызметінің аз танымал жақтарын ашуға бағытталған. Егер адамзат тарихы – тұлғалар тарихы болса, онда бүгінгі таңда сол ұлы адамдардың ұрпақтары кімдер? Дәл осы сұрақтарға жауап беруге бағытталған бағдарлама.

Әлеуметтік желілер.

2024 жылдың қорытындысы бойынша әлеуметтік желілердегі Adebiportal.kz парақшасына жазылушылардың жалпы саны 77 мың пайдаланушыны құрады.

EL.KZ

Жалпы ақпарат.

El.kz интернет-жобасы 2011 жылы әлеуметтік желілерде ғылыми-ағартушылық ресурс ретінде іске қосылды. 2012 жылы ол Қазақстан мәдениеті туралы материалдар жариялайтын интернет-ресурсқа айналды, алғашқы жарияланым 2012 жылғы 20 қазанда шықты. 2016 жылы сайтта орыс тіліндегі мақалалар пайда болды, ал 2017 жылы – ағылшын тілінде. Соңғы жылдары El.kz ақпарат агенттігі ретінде жұмыс істеді, 2023 жылғы желтоқсанда Медиаметрикс деректері бойынша Қазақстан БАҚ арасында келушілер саны бойынша екінші орын алды.

	«Qazcontent» АҚ-ның 2024 жылғы жылдық есебі	
	№1 редакция	31 беттің 2 беті

Жүргізілген кешенді жұмыстардың нәтижесінде 2024 жылы сайтты пайдаланушылардың жалпы саны 6 860 155 құрады. Сеанстың орташа ұзақтығы - 1 минут 44 секунд.

Мультимедиалық жобалар.

- **Keіrker подкаст:** қызықты тұлғалармен әңгімелесу, жекелеген шығарылымдар (Тәңірберген Бердоңғаровпен подкаст) 20 мыңға дейін қаралым жиналды.
- **Ел не дейді:** қазақстандықтардың қоғамдық пікірін көрсететін сауалнамалар.
- **Ел іші:** танымал тұлғалар әлеуметтік нысандарға барды.
- **Сен:** кең аудитория үшін танымдық жоба.
- **112:** «Заң және тәртіп» қағидаттарын ілгерілететін ақпараттық бағдарлама.
- **Елден хабар:** Қазақстан жаңалықтарына шолу.
- **Телеграм-тур:** онлайн және оффлайн-аудиторияны біріктіретін жоба.
- **Жанкүйер:** жанкүйерлерге арналған спорттық подкаст.
- **Базарлайк** - халық арасында танымал, қазақстандық жұлдыздармен әңгімелесу жобасының барлық шығарылымы көптеген қаралым мен пікірлер жинаған жоба.

Әлеуметтік желілер.

2024 жылдың қорытындысы бойынша әлеуметтік желілердегі El.kz парақшасы жазылушыларының жалпы саны 428 мың жазылушыны құрады.

E-HISTORY.KZ

Жалпы ақпарат.

«Қазақстан тарихы» интернет жобасы - «Qazcontent» АҚ заманауи, цифрлық, гуманитарлық интернет-ресурсы.

2013 жылы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысы М.М. Тажиннің хаттамалық тапсырмасын орындау аясында (Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының 07.08.2013 жылғы кеңес хаттамасы бойынша), «Самыруқ-Қазына» АҚ және Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінің қолдауымен «Қазақстан тарихы» веб-порталы құрылып, оған e-history.kz домендік атауы берілді.

Қазіргі интернет кеңістігінде біздің елге, оның мәдениеті мен тарихына тұрақты қызығушылық байқалады. Дегенмен, шетелдік пайдаланушылардың арасында да, кейбір қазақстандық азаматтардың арасында да қазақ халқының бай тарихи-мәдени мұрасы, дәстүрлері мен құндылықтары туралы жеткілікті

	«Qazcontent» АҚ-ның 2024 жылғы жылдық есебі	
	№1 редакция	31 беттің 2 беті

ақпарат деңгейі әлі де төмен болып отыр. Сондықтан сайт контенті қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ұсынылған.

Сайт оқырмандарының жалпы қамтылуы 2024 жылы 2 163 626 адамды құрады. Сеанстың орташа ұзақтығы - 2 минут 56 секунд.

Мультимедиалық жобалар.

«Тиктокер Тарихшы» жобасы – TikTok-тағы роликтер тәуелсіз Қазақстанның тарихын бір минут ішінде дизайн элементтері, әзіл, мемдер және сленг қолдана отырып баяндайды. Қазіргі уақытта 24 шығарылым дайындалған.

«Тарихшы Balaqai» – кіші жастағы балаларға арналған тарихи-танымдық жоба. Жоба аясында отандық тарихқа есімдері алтын әріптермен жазылған көрнекті қайраткерлердің, қаһармандардың, бишілер мен хандардың, ғалымдар мен өнер қайраткерлерінің фотосуреттері көрсетіледі, сондай-ақ олардың өмірі мен қызметі туралы қысқаша және қолжетімді мәліметтер беріледі. Жыл басынан бері 20-дан астам шығарылым шықты.

«Тарихи Quiz» – бұл қазақ халқының тарихына негізделген ойын-сауық-танымдық жоба. Жобаның форматы - еліміздің тарихымен тест сұрақтары арқылы таныстыратын, логикалық және сыни ойлауды дамытатын жеңіл және қызықты ойын. Бағдарламаға еліміздің түкпір-түкпірінен танымал тұлғалар қатысады, олар түрлі тарихи кезеңдер, көрнекті тұлғалар, маңызды оқиғалар мен мәдени құндылықтар туралы сұрақтарға жауап береді. Жыл басынан бері эфирге 10-нан астам шығарылым шықты.

Әлеуметтік желілер.

2024 жылдың қорытындысы бойынша әлеуметтік желілердегі E-history.kz парақшасындағы жазылушылардың жалпы саны 253 мың пайдаланушыны құрады.

RUH.KZ

Жалпы ақпарат.

«Ruh.kz» ақпараттық-білім беру интернет-ресурсы 2017 жылғы қыркүйекте құрылды және «Qazcontent» АҚ-ға 2023 жылғы 1 маусымда берілді.

Сайт оқырмандарының жалпы қамтылуы 2024 жылы 209 286 кірушіні құрады. Сеанстың орташа ұзақтығы - 1 минут 51 секунд.

Ресурстың негізгі мақсаты - идеологиялық құндылықтарды насихаттау. Мультимедиалық платформа «Рухани жаңғыру» бағдарламасының 6 негізгі бағыты бойынша жобаларды жариялауға арналған.

Интернет-ресурстың мазмұны зияткерлік, мәдени және рухани тақырыптарды қамтитын материалдардан тұрады.

	«Qazcontent» АҚ-ның 2024 жылғы жылдық есебі	
	№1 редакция	31 беттің 2 беті

Жарияланатын материалдардың негізгі форматы - елдің тарихи-мәдени дамуына ерекше үлес қосқан көрнекті қайраткерлердің мақалалары, фоторепортаждары, бейнебағдарламалары мен инфографикасы. Жанрлары: жаңалықтар, мақалалар, сұхбаттар және т.б.

Бұдан басқа ресурста жастарға, экологияға, ғылымға, технологияларға, волонтерлікке арналған танымдық авторлық мақалалар, сондай-ақ жастардың әлеуетін, оның бәсекеге қабілеттілігі мен патриотизмін дамытуға бағытталған материалдар жарияланады.

Мультимедиалық жобалар.

2024 жылы қазақ даласында ерте ортағасырда дүниеге келген ұлы ғалымдардың еңбектерін танымал етуге бағытталған танымдық контент құру бойынша жоба іске қосылды. Жоба Ұлы дала аумағында ғылым ошақтары мен білім сабақтастығы болғанын көрсету мақсатында олардың кітаптары мен ғылыми мұрасын рецензиялауды қамтиды.

Қазіргі заман - ғылым мен білім беру дәуірі. Осы тұрғыдан алғанда, өткеннің ұлы ойшылдары бізге рухы жағынан жақын, өйткені олар өз өмірлерін білім іздеуге және қоғамға қызмет етуге арнады. Олардың еңбектерін зерделеу арқылы жоба жастардың бойында ғылымға, мәдениетке және рухани құндылықтарға деген қызығушылықты оятуға, оларды жеке дамуға және білімге шабыттандыруға ұмтылады.

Жоба сондай-ақ ұмыт болған тұлғаларға деген қызығушылықты және олардың әлемдік ғылымға қосқан үлесін қалпына келтіруге бағытталған. Алғаш рет мазмұны мен ауқымы жағынан ұқсас форматтағы отандық интернет-кеңістікте іске асырылуда.

Әлеуметтік желілер.

2024 жылдың қорытындысы бойынша әлеуметтік желілердегі парақшаларға жазылушылардың жалпы саны 63 мың пайдаланушыны құрады.

2. 2024 жылғы қаржылық және операциялық қызметтің нәтижелері

2.1. Операциялық қызмет

2024 жылы мемлекеттік тапсырма бағыты бойынша Қоғамға 2,1 млрд астам теңге бөлінді. Мемлекеттік тапсырманы іске асыру нәтижелері бойынша Қоғам мынадай нәтижелерге қол жеткізді:

- «Интернет желісінде мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу жөніндегі қызметтің» тікелей нәтижесі - 100% орындалды;

- мемлекеттік тапсырманың соңғы нәтижесі 46% асыра орындалды;

барлық порталдарда сеанстың орташа ұзақтығы 2 мин 14 сек, жоспар бойынша 1 мин 10 сек болды;

	«Qazcontent» АҚ-ның 2024 жылғы жылдық есебі	
	№1 редакция	31 беттің 2 беті

барлық интернет-ресурстарда бір сеанс барысында қаралған парақшалардың орташа саны 1,68 бетті/сеансты құрады, жоспар бойынша 1,55 бет/сеанс.

2.1.1. Контентті орналастыру

Қоғамның ресурстары бөлінісінде мемлекеттік тапсырма келесідей орындалды:

№1 кесте. Ақпараттық мәтіндік материалдар (5 241,92 А2 форматындағы жолақтар)

Ресурс атауы	Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде	Жиыны
Baq.kz	1060			1060
Baigenews.kz		1000		1000
Primeminister.kz	470	40	20	530
El.kz	1041,42	530	20	1591,42
E-history.kz	420	70	20	510
Adebietportal.kz	420	60	20	500
Ruh.kz	50,5			50,5
	3461,92	1700	80	5241,92

1.2. бейнематериалдар саны 11 303 минут ;

1.3. фотоматериалдар саны 7 280 фотосурет ;

1.4. инфографика саны 208 бірлік .

Мемлекеттік тапсырмада көзделген өзге де жобалар іске асырылды:

1. Бейне подкастты құру және ілгерілету;

2. Аналитикалық бағдарлама жасау;

3. Мемлекеттік қолдау бастамалары мен шараларын түсіндіретін жоба;

4. онлайн эфирлер өткізу;

5. Ұлттық құрылтай отырыстарының қызметін ақпараттық сүйемелдеу.

2.1.2. Қоғамның интернет-ресурстарының көрсеткіштері

2024 жылғы 01 қаңтардан 30 желтоқсан аралығындағы кезеңде бірегей пайдаланушылардың жиынтық саны 21 989 052 құрады. Деректер Google Analytics талдау ақпараты негізінде қалыптастырылған.

№2. Кесте. 2024 жылға арналған Google Analytics деректері

	«Qazcontent» АҚ-ның 2024 жылғы жылдық есебі	
	№1 редакция	31 беттің 2 беті

№	Портал	Бірегей пайдаланушылардың жалпы саны
1	Baq.kz	2 813 660
2	Baigenews.kz	5 233 364
3	Primeminister.kz	2 276 724
4	El.kz	6 860 155
5	E-history.kz	2 163 626
6	Adebiportal.kz	2 432 237
7	Ruh.kz	209 286
	ЖИЫНЫ:	21 989 052

Ұсынылған көрсеткіштерге қарағанда, 2024 жылы ең көп бірегей пайдаланушылар саны El.kz интернет-порталында тіркелген — шамамен 7 млн, бұл оны Қоғамның барлық порталдары арасында жетекші орынға шығарады.

Ең танымал үш ресурсқа Baigenews.kz (5,2 млн бірегей пайдаланушы) және Baq.kz (2,8 млн пайдаланушы) порталы да кірді. Бұл аудиторияның аталған платформаларға жоғары қызығушылығын көрсетеді.

2.2. 2024 жылғы қаржылық көрсеткіштер және активтердің құрылымы

Қаржылық есептілік депозитарийіне www.dfo.kz ұсынылады

2024 жылғы табыс пен шығын туралы есеп

мың теңге

Көрсеткіштер атауы	Код	Есепті кезең үшін	Алдыңғы кезең үшін
Түсім	010	1 987 285	1 862 018
Сатылған тауарлар мен қызметтердің өзіндік құны	011	1 697 238	1 441 123
Жалпы пайда (010 жол - 011 жол)	012	290 047	420 895
Сату бойынша шығыстар	013	12 890	15 357
Әкімшілік шығыстар	014	270 056	277 169
Операциялық пайда жиынтығы (шығын) (+/- 012 жолдан 014 жолды қоса алғанда)	020	7 101	128 369
Қаржылық кірістер	021	40 469	37 282
Қаржылық шығыстар	022	-928	-963

	«Qazcontent» АҚ-ның 2024 жылғы жылдық есебі	
	№1 редакция	31 беттің 2 беті

Үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін қауымдастық ұйымдар мен бірлескен қызметтің пайдасындағы (залалындағы) ұйымның үлесі	023		
Басқа да кірістер	024	8 756	17 208
Басқа да шығыстар	025	11 250	30 154
Салық салынғанға дейінгі пайда (залал) (+/- 020 жолдан 025 жолды қоса алғанда)	100	46 004	153 668
Табыс салығы бойынша шығыстар (-) (кірістер (+))	101	(9 044)	(26 401)
Жалғасатын қызметке салық салудан кейінгі пайда (залал) (100 жол + 101 жол)	200	36 960	127 267
Тоқтатылған қызметке салық салынғаннан кейінгі пайда (залал)	201		
Бір жылдағы пайда (200 жол + 201 жол):	300	36 960	127 267
негізгі ұйымның меншік иелері			
бақыланбайтын меншік иелерінің үлесі			
Өзге де жиынтық кіріс, барлығы (сомасы 420 және 440):	400	0	0
оның ішінде:			
өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық қаржы құралдарын қайта бағалау	410		
үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін қауымдастық ұйымдар мен бірлескен қызметтің өзге де жиынтық кірісіндегі (залалындағы) үлес	411		
кейінге қалдырылған салыққа табыс салығының ставкасындағы өзгерістің әсері	412		
ақша ағынын хеджирлеу	413		
шетелдік ұйымдарға инвестициялар бойынша бағамдық айырма	414		
шетелдік операцияларға таза инвестицияларды хеджирлеу	415		
өзге де жиынтық кірістің өзге де компоненттері	416		
пайда (залал) құрамындағы қайта жіктеу кезіндегі түзету	417		
өзге де жиынтық табыс компоненттерінің салықтық әсері	418		
Кейінгі кезендерде кірістерге немесе шығыстарға қайта жіктеуге жататын өзге де жиынтық кіріс жиыны (пайдаға салынатын салықты	420		0

	«Qazcontent» АҚ-ның 2024 жылғы жылдық есебі	
	№1 редакция	31 беттің 2 беті

шегергенде) (410 жолдан бастап 418 жолды қоса алғандағы сома)			
негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді қайта бағалау	431		
үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін қауымдастық ұйымдар мен бірлескен қызметтің өзге де жиынтық кірісіндегі (залалындағы) үлес	432		
зейнетақы міндеттемелері бойынша актуарлық пайда (залал)	433		
өзге де жиынтық табыс құрауыштарының салықтық әсері	434		
өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік қаржы құралдарын қайта бағалау	435		
Кейінгі кезеңдерде кірістерге немесе шығыстарға қайта жіктеуге жатпайтын өзге де жиынтық кіріс жиыны (пайдаға салынатын салықты шегергенде) (431 жолдан 435 жолды қоса алғандағы сома)	440		0
Жалпы жиынтық табыс	500	36 960	127 267
Келесіге жатқызылатын жалпы жиынтық табыс:			
негізгі ұйымның меншік иелері			
бақыланбайтын меншік иелерінің үлесі			
Бір акцияға шаққандағы пайда:	600	28,60	98,47
оның ішінде:			
Акцияға базалық пайда:			
жалғасатын қызметтен		28,60	98,47
тоқтатылған қызметтен			
Бір акцияға бөлінген пайда:			
жалғасатын қызметтен			
тоқтатылған қызметтен			

Активтер құрылым

Көрсеткіштер	Мың теңге
---------------------	------------------

	«Qazcontent» АҚ-ның 2024 жылғы жылдық есебі	
	№1 редакция	31 беттің 2 беті

Ақша қаражаты және олардың баламалары	501 835
Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері	3 084
Қысқа мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек	3 674
Ағымдағы табыс салығы	61 372
Қорлар	4 059
Өзге қысқа мерзімді активтер	28 719
Қысқа мерзімді активтердің жиыны	602 743
Негізгі құралдар	300 834
Материалдық емес активтер	261 427
Ұзақ мерзімді активтердің жиыны	562 261
Активтердің жиыны	1 165 004

3. Қоғам тәуекелдері

Қоғам қызметінің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу мақсатында әлеуетті тәуекелді оқиғаларды уақтылы сәйкестендіруге, бағалауға, мониторингілеуге және азайтуға бағытталған корпоративтік басқару жүйесінің негізгі компонентті бөлігі болып табылатын тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Қоғамның тәуекелдерін басқару жүйесінің негізгі тұжырымдамалық құжаты Қоғамның тәуекелдерді басқару саясаты болып табылады, оның міндеттері - тәуекел-мәдениетті арттыру және тәуекел-менеджментті Қоғам қызметінің барлық аспектілеріне ықпалдастыру.

2024 жылы Тәуекелдерді басқару жөніндегі саясат пен Қоғамның тәуекелдерін басқару жөніндегі қағидаларына өзгерістер енгізілді. Осылайша жоғарыда көрсетілген тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі нормативтік құжаттар «Тәуекел дәрежесі және Қоғам тәуекелдеріне төзімділік деңгейін айқындау» тарауымен толықтырылды.

Тәуекел дәрежесі - бұл Қоғам өз мақсаттарына қол жеткізу және стратегиялық пайымды іске асыру процесінде өзі үшін қолайлы деп санайтын жиынтық тәуекел дәрежесі.

Тәуекелге төзімділік деңгейі - бұл Қоғам елеулі қаржылық шығындарсыз төтеп бере алатын тәуекел деңгейі.

Тәуекелдерге төзімділік деңгейін айқындау алгоритмі сияқты сапалық және сандық тәуекел дәрежесін айқындау тәртібі Қоғамның тәуекелдерді басқару жөніндегі қағидаларында сипатталған.

Есепті кезеңде Қоғам 24 тәуекелді сәйкестендірді, оның ішінде:

- 1) стратегиялық тәуекелдер - 4;
- 2) қаржылық тәуекелдер - 2;
- 2) операциялық тәуекелдер - 14;

	«Qazcontent» АҚ-ның 2024 жылғы жылдық есебі	
	№1 редакция	31 беттің 2 беті

3) құқықтық тәуекелдер - 4.

Сондай-ақ есепті кезеңде тұрақты негізде Қоғамның сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша жұмыс жүргізілуде, оның қорытындысы бойынша Қоғамның сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасы мен тіркелімі әзірленді. Қоғамның корпоративтік сайтында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау қорытындылары бойынша талдамалық жазба орналастырылған, онда қосымша ретінде көрсетілген Карта мен тіркелім орналастырылған.

4. Корпоративтік басқару

Қоғамның корпоративтік басқару Кодексінің 4-тармағына сәйкес Қоғамның Кодексті орындауын бақылауды Қоғамның директорлар кеңесі жүзеге асырады. Корпоративтік хатшы мониторингті жүргізеді және Директорлар кеңесі мен Қоғамның атқарушы органына Кодекстің тиісінше сақталуы мәселелері бойынша консультация береді, сондай-ақ жыл сайынғы негізде оның қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы есепті қалыптастырады.

Қоғам корпоративтік басқару жүйесін Жалғыз акционердің мүдделерін сақтау, барлық мүдделі тұлғалармен өзара қарым-қатынастың теңгерімді жүйесін құру және өз қызметінің тиімділігін арттыру құралы ретінде қарастырады.

Субъектінің корпоративтік басқару деңгейін бағалау корпоративтік басқару рәсімдеріне қатысты ішкі корпоративтік құжаттар, негізгі қызметтің нәтижелері туралы құжаттар (қаржылық есептілік, Жалғыз акционерге арналған есептілік), сондай-ақ сыртқы ортамен қатынастарды сипаттайтын құжаттар (шарттар, келісімдер, БАҚ, корпоративтік сайт) негізінде қалыптастырылады.

1-тараудың 7-тармағына сәйкес Корпоративтік басқару кодексінің негізгі қағидаттары:

- өкілеттіктердің аражігін ажырату қағидаты;
- акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;
- Директорлар кеңесі мен басқарма тарапынан Қоғамды тиімді басқару қағидаты;
- орнықты даму қағидаты;
- тәуекелдерді басқару қағидаты, ішкі бақылау және аудит;
- корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу қағидаты;
- Қоғам қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі қағидаты.

 QAZCONTENT	«Qazcontent» АҚ-ның 2024 жылғы жылдық есебі	
	№1 редакция	31 беттің 2 беті

Директорлар кеңесінің құрамы туралы

Акционерлік қоғамдар туралы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 36-бабы 1-тармағы 5) тармақшасына сәйкес директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы мен шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын белгілеу акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

Қоғам Жарғысының 32-тармағына сәйкес, Директорлар кеңесінің мүшелерінің саны үш адамнан кем болмауға тиіс, олардың ішінен құпия дауыс беру арқылы мүшелердің жалпы санының көпшілік даусымен Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы сайланады. Директорлар кеңесінің құрамының кемінде 30%-ы тәуелсіз директорлар болуы қажет.

2023 жылғы 11 мамырдағы № 188-НҚ Бірыңғай акционердің бұйрығына сәйкес, Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамы 5 адам болып белгіленді, өкілеттік мерзімі – 3 жыл (2023–2026 жж.).

№3 кесте. Директорлар кеңесінің құрамы.

Директорлар кеңесінің мүшелері	Канат Жумабаевич Искаков	Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министрі, Директорлар кеңесінің мүшесі
	Бауыржан Аскарович Тынысбеков	
	Айна Задабекқызы Задабек	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары, директорлар кеңесінің мүшесі
Тәуелсіз директорлар	Мадина Тургамбековна Корганбаева	«Qazcontent» АҚ Басқарма төрағасы, директорлар кеңесінің мүшесі
	Нуркамила Токишевна Акишева	тәуелсіз директор
	Жанат Темиргалиевич Райымбеков	тәуелсіз директор

Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 5 шешімімен Директорлар кеңесінің төрағасы Канат Жумабаевич Искаков сайланды.

Сонымен қатар Қоғамның Жалғыз акционерінің 2024 жылғы 09 сәуірдегі № 140-НҚ бұйрығымен Асем Идрисовна Кожабаяваның өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды және Директорлар кеңесінің құрамына Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор Нуркамила Токишевна Акишева тағайындалды.

 QAZCONTENT	«Qazcontent» АҚ-ның 2024 жылғы жылдық есебі	
	№1 редакция	31 беттің 2 беті

Бұдан әрі Қоғамның Жалғыз акционерінің 2024 жылғы 13 мамырдағы № 186-НҚ бұйрығымен Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор Жанат Темиргалиевич Райымбеков тағайындалды.

Қоғамның Жалғыз акционерінің 2024 жылғы 07 қарашадағы № 528-НҚ бұйрығымен Директорлар кеңесінің мүшелері Ербол Сабыржанович Ахметов пен Бекзат Бақбергенұлы Жусуповтың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылып, Директорлар кеңесінің жаңа мүшелері Бауыржан Аскарлович Тынысбеков пен Айна Задабекқызы Задабек тағайындалды.

4.1. Тәуелсіз директорларды іріктеу критерийлері

Корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесін енгізу мақсатында Қоғам мүдделеріне сәйкес келетін объективті шешімдер қабылдаудың кепілі болып табылатын Жалғыз акционерден және атқарушы органнан тұратын тәуелсіз директорлар болуы қажет.

Бұл ретте жоғарыда көрсетілгендей, тәуелсіз директорлардың саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде 30% болуы тиіс.

Заңның 1-бабы 20) тармақшасына сәйкес «тәуелсіз директор» Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде айқындалады, ол:

- Аталған акционерлік қоғамның аффилиирленген тұлғасы емес және директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде де аффилиирленген тұлға болмаған (тек тәуелсіз директор қызметінде болған жағдайларды қоспағанда);

Аталған акционерлік қоғамның аффилиирленген тұлғаларына қатысты аффилиирленген тұлға емес;

Аталған акционерлік қоғамның немесе оның аффилиирленген ұйымдарының лауазымды тұлғаларына бағыныштылық қатынасы жоқ және директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде де мұндай байланысы болмаған;

Мемлекеттік қызметкер емес;

Аталған акционерлік қоғамның орган отырыстарында акционер өкілі емес және директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде де болған емес;

	«Qazcontent» АҚ-ның 2024 жылғы жылдық есебі	
	№1 редакция	31 беттің 2 беті

Аталған акционерлік қоғамда аудитті жүргізетін аудиториялық ұйым құрамындағы аудитормен бірге аудитке қатыспаған және директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде де қатыспаған.

Қоғамның тәуелсіз директорлары стратегиялық жоспарлау, кадрлар мен сыйақылар, ішкі аудит мәселелері бойынша директорлар кеңесі комитеттерінің төрағалары болып сайланды.

Директорлар кеңесінің құрамында қызметін үш тәуелсіз директор жүзеге асырады: Мадина Тургамбековна Корганбаева (аудит жөніндегі комитетті басқарады), Нуркамила Токишевна Акишева (кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитетті басқарады), Жанат Темиргалиевич Райымбеков (стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетті басқарады).

4.2. Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы қызметі туралы есеп

2024 жыл ішінде Қоғамның Директорлар кеңесі 4 отырыс өткізді.

Директорлар кеңесінің отырыстарына есепті кезең ішінде жалпы 42 мәселе шығарылды.

№4 кесте. «Qazcontent» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің 2024 жылғы есепті кезеңдегі отырыстарға қатысу кестесі

№ отырыс	1-бетне-бет отырыс 21.05.2024	2- бетне-бет отырыс 21.06.2024	3- бетне-бет отырыс 22.11.2024	4 бетне-бет отырыс 23.12.2024	Қатысу үлесі %
Искаков К.Ж.	X	X	X	X	100%
Ахметов Е.С.	Жоқ	Жоқ	**	**	40%
Жусупов Б.Б.	X	X	**	**	100%
Задабек А.З.	-	-	X	X	100%
Корганбаева М.Т.	X	X	X	X	100%
Акишева Н.Т.	X	X	X	X	100%
Райымбеков Ж.Т.	X	X	X	X	

«-» - Директорлар кеңесінің құрамына кірмеген;

«* *» - Директорлар кеңесінің құрамынан шығарылды;

«жоқ» - Директорлар кеңесінің отырысында болмаған;

	«Qazcontent» АҚ-ның 2024 жылғы жылдық есебі	
	№1 редакция	31 беттің 2 беті

«Х» - Директорлар кеңесінің отырысына қатысты;

«Б» - отырысты сырттай өткізген кезде бюллетень енгізілді;

«ЖП» - отырысты бетпе-бет өткізген кезде жазбаша пікір енгізілді.

Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысу үлесі 90% -ды құрады.

2024 жылы өткізілген Директорлар кеңесінің барлық отырыстарында кворум болды.

Директорлар кеңесінің мүшелерін сыйақы беру туралы

Осы Шарттарға сәйкес сыйақылардың келесі түрлері жүргізіледі:

1) Қоғамның директорлар кеңесінің бетпе-бет отырысына әрбір қатысқаны үшін сыйақы - салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер төленгенге дейін 30 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі - АЕК);

2) Қоғамның директорлар кеңесінің бейнеконференция режиміндегі әрбір бетпе-бет отырысына қатысқаны үшін сыйақы - салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер төленгенге дейін 30 АЕК;

3) директорлар кеңесінің сырттай отырысына әрбір қатысқаны үшін сыйақы - салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер төленгенге дейін 10 АЕК;

4) алдын ала жазбаша пікір беру арқылы директорлар кеңесінің жұмысына әрбір қатысқаны үшін сыйақы - салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер төленгенге дейін 10 АЕК;

5) Қоғамның директорлар кеңесінің кез келген комитеттері төрағасының функцияларын жүзеге асырғаны үшін жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша төленетін және жыл ішіндегі Директордың сыйақысының жиынтық сомасының 10% -ын құрайтын қосымша сыйақы (бар болған жағдайда).

Директорлар кеңесінің отырысы өткізілетін жерден тыс тұратын директорға өтемақы - Қоғамның директорлар кеңесінің отырысына шығуына байланысты:

1) директорлар кеңесінің отырысы өтетін жерге бару және кері қайту бойынша;

2) тұрғын үй-жайды жалдау бойынша;

3) тәуліктік ақы шығысы төленеді.

2024 жылдың есепті кезеңінде тәуелсіз директорлар қызметінің қорытындылары бойынша Қоғам жасалған шарттар, сондай-ақ Қоғамның ішкі құжаттары негізінде сыйақылар төледі және шығыстарды өтеді.

Тұтастай алғанда Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысқаны және жұмыс істегені, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген кезеңде тәуелсіз директорлардың комитеттерде төрағалық еткені үшін төленген ақша қаражатының сомасы 1 462 032 теңгені құрайды.

	«Qazcontent» АҚ-ның 2024 жылғы жылдық есебі	
	№1 редакция	31 беттің 2 беті

4.3. Директорлар кеңесі мен Басқарма жауапкершілігінің аражігін ажырату

Директорлар кеңесі мен Басқарма арасында өкілеттіктерді бөлу Қоғамның Жарғысында және Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленеді.

Директорлар кеңесі басқару органы болып табылады, Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады (Заңмен және Қоғамның Жарғысымен Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда) және Қоғам қызметін тиімді басқару, тиісінше бақылау үшін Жалғыз акционердің алдында жауапты болады. Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын мәселелер «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңында, Қоғамның Жарғысында және Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережеде айқындалған.

Басқарма Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындайтын ағымдағы жедел басқаруды жүзеге асыратын алқалы орган болып табылады, Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша (Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің құзыретіне жатпайтын) шешімдер қабылдайды, Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің алдында жауапты болады.

Қоғамның лауазымды тұлғалары (Директорлар кеңесінің мүшелері және Басқарма мүшелері) Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жауапкершілікті атқарады, сонымен қатар өз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздіктері нәтижесінде Қоғамға және акционерлерге келтірілген зиян үшін, сондай-ақ Қоғамның тартқан шығындары үшін, соның ішінде, бірақ тек бұнымен шектелмей, келесі жағдайлардан туындаған шығындар үшін жауапты:

- 1) жаңылыстыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру;
- 2) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзу;
- 3) Қоғамның жосықсыз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде, оның ішінде өздері не өздерінің аффилиирленген тұлғаларының пайда (кіріс) алуы мақсатында Қоғаммен осындай мәмілелер жасасуы нәтижесінде залалдардың туындауына әкеп соққан ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілігі бар мәмілелерді жасасуға және (немесе) жасасу туралы шешімдер қабылдауға ұсыныстар.

Жалғыз акционердің 2024 жылғы 28 мамырдағы № 61-жбо шешімімен Муслим Мурадымович Базарбаев Басқарма төрағасының орынбасары тағайындалды.

Жалғыз акционердің 2024 жылғы 05 шілдедегі № 72-жбо шешімімен Қоғам Басқармасы төрағасының орынбасары Айгуль Мырзабаевна Ахбутинаның өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.

 QAZCONTENT	«Qazcontent» АҚ-ның 2024 жылғы жылдық есебі	
	№1 редакция	31 беттің 2 беті

Жалғыз акционердің 2024 жылғы 03 қыркүйектегі № 95-жбо шешімімен Қоғам Басқармасының төрағасы Бекзат Бақбергенұлы Жусуповтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.

Жалғыз акционердің 2024 жылғы 09 қыркүйектегі № 98 шешімімен Айна Задабекқызы Задыбек Басқарма төрағасы болып тағайындалды.

Жалғыз акционердің 2024 жылғы 03 қазандағы № 103-жбо шешімімен Ерболат Тлеккабылович Каменов Басқарма төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

Қоғам Басқармасының құзыретіне жататын мәселелер «Qazcontent» акционерлік қоғамының Жарғысында және Басқармасы туралы Ережеде айқындалған.

4.4. Директорлар кеңесінің 2024 жылғы қызметі

2024 жыл ішінде Қоғамның Директорлар кеңесі 4 отырыс өткізді.

Директорлар кеңесінің отырысына есепті кезең ішінде жалпы 42 мәселе шығарылды.

1-диаграмма.



Директорлар кеңесі қараған мәселелердің ішінде жалғыз акционерге (құзыреті шеңберінде) шешім қабылдауға және бекітуге мынадай мәселелер жіберілді:

- тәуелсіз аудиторлық ұйым растаған 2023 жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту туралы;
- Қоғамның 2023 жылғы есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу және Қоғамның бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшері бойынша ұсыныстар туралы;

	«Qazcontent» АҚ-ның 2024 жылғы жылдық есебі	
	№1 редакция	31 беттің 2 беті

5. Аудитордың қорытындысы және ескертулері бар қаржылық есептілік

Қоғамның жылдық қаржылық есептілігімен және аудитордың қорытындысымен сілтеме бойынша таныса аласыз <https://qazcontent.kz/ru/o-kompanii/otchetnost/>

1. Қоғам көрсеткіштері

Тапсырыс берушілер алдындағы өз міндеттемелерінің толық орындалуын мынадай көрсеткіштер де куәландырады:

Қоғамның КРІ:

Орындалды - 100%

№5 кесте. Қоғам қызметінің 2024 жылғы негізгі көрсеткіштерін орындау

Атауы	Өлшем бірлігі	Жоспарлы көрсеткіш	Факт	Орындалу пайызы, %
Түпкілікті				
Порталдарға кірушілердің жылдық саны	кірушілер	15 000 000	21 989 052	146,6
Тікелей				
Қоғамның порталдарында ақпараттық материалдарды орналастыру	A2 форматтағы жолақ	5 241,92	5 241,92	100,0
Қоғамның порталдарында және әлеуметтік желілерде мультимедиялық контентті орналастыру	минут	11 303	11 303	100,0
Қоғамның порталдарында және әлеуметтік желілерде фотосуреттерді орналастыру	фото	7 280	7 280	100,0
Қоғамның порталдарында және әлеуметтік желілерде инфографиканы орналастыру	инфографика	208	208	100,0
Онлайн эфирлер өткізу	бірлік	70	70	100,0
Ұлттық құрылтай отырыстарының қызметін ақпараттық сүйемелдеу	қызмет	1	1	100,0
Деректі фильмдер сериясын жасау және ілгерілету	фильм	11	11	100,0
Ақпараттық-танымдық роликтерді жасау және ілгерілету	ролик	10	10	100,0
Анимациялық білім беру роликтерін жасау және ілгерілету	ролик	21	21	100,0

	«Qazcontent» АҚ-ның 2024 жылғы жылдық есебі		
	№1 редакция		31 беттің 2 беті

Бейне подкастты жасау және ілгерілету	қызмет	34	34	100,0
Аналитикалық бағдарламаны жасау	бейнеролик	34	34	100,0
Мемлекеттік қолдаудың бастамалары мен шараларын түсіндіретін жоба	бейнеролик	30	30	100,0

Қоғам тарапынан тікелей және түпкілікті нәтижелер көрсеткішіне қол жеткізу міндеттемелері сондай-ақ келесі жолдармен орындалды:

№6 кесте. *Тікелей және түпкілікті көрсеткіштер* *

Көрсеткіш түрі	Көрсеткіш атауы	Жоспар	Факт
Тікелей	Интернет желісінде мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу қызметі	1 қызмет	1 қызмет
Түпкілікті	Барлық порталдағы бірегей келушілердің жалпы саны	15 000 000	21 989 052
Сапалы	Барлық порталдағы сеанстың орташа ұзақтығы	1 мин 10 сек	2 мин 14 сек
Сапалы	Барлық порталда бір сеанс барысында қаралған парақшалардың орташа саны	1,55	1,68

* 30.12.2024ж. бойынша дерек

Негізгі міндеттерді/жобаларды орындау:

№7 кесте. «Qazcontent» АҚ-ның 2024 жылға арналған негізгі міндеттері/жобалары

р/н	KPI атауы	Өлшем бірлігі	Көрсеткіш үлесі	Жоспарлы мәні	Факт
1	2	3	4	5	6
1	Қоғамның порталдарына кіру деңгейін қамтамасыз ету, кемінде	Пайдаланушы (Google Analytics)	20 %	15 000 000	22 036 300
2	Ішкі аудит қызметінің ұсынымдарын орындауды қамтамасыз ету, кемінде	%	20 %	55	-
3	Қоғам порталдарының парақшасындағы бір сеанстағы іс-қимылдың орташа уақытын қамтамасыз ету, кемінде	Секунд (Google Analytics)	20 %	60	87
4	Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл ТБН-4 шеңберіндегі іс-шараларды орындау	бірлік	15 %	32	31
5	Жеке және заңды тұлғалардың өтінішін	%	15 %	100	100

	«Qazcontent» АҚ-ның 2024 жылғы жылдық есебі	
	№1 редакция	31 беттің 2 беті

	қарауды есепке алу және ішкі бақылау				
6	Мультимедиалық өнімнің меншікті өндірісінің үлесін ұлғайту, кемінде	%	10 %	65	69,5
	Жиыны			100%	

2-тармақ бойынша ескертпе: Қоғамда 2023 жылғы 23 тамыздан 2024 жылғы 20 маусым аралығында Ішкі аудит қызметі басшысының лауазымы бос болды. 2024 жылғы 21 маусымнан 15 шілде аралығында осы лауазымда қызметкер жұмыс істеді, алайда оның жұмыс мерзімі бір айдан аз болды. Одан кейін бұл лауазым 2024 жылғы 25 қарашаға дейін бос қалды. 2024 жылдың басым бөлігінде аталған лауазым іс жүзінде бос болғанын ескере отырып, Ішкі аудит қызметі ұсынымдарының орындалуын қамтамасыз ету мүмкін болмады.